

С.Б. Қоянбекова <sup>1\*</sup>, А.У. Джамамбетова <sup>2</sup>, С.Б. Утегулова <sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com

## ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКА: АЛЛИТЕРАЦИЯ ЖӘНЕ АССОНАНС ПАРАДИГМАЛАРЫ

Мақаланың зерттеу тақырыбы қазіргі қазақ тілінің қоғамдық әлеуметтік қызметі кластерлік тұрғыдан дамып, сан түрлі коммуникативтік қажеттілікті өтеуі, негізінен, оның стильдік, тілдік бірліктерінің қасиет-сапаға ие болу ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Қоғамда тіл айрықша маңызды рөл атқаратындықтан, адамның көңіл-күйі толғанысын, сезімін жеткізудің басты құралына айналған. Себебі тіл адамнан тыс тұрған жеке құбылыс емес, адаммен бірліктегі бірін-бірі анықтайтын күрделі құрылым болып табылады.

Мақаланың мақсаты қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының ұлттық танымдарға бейімделген ақыл-ой өрісінің пайымдаулармен тоғыстырылуындағы функционалдық, құрылымдық трансформациялануы, куммулятивтік, концептуалдық мәнін анықтау. Зерттеу барысында философияның танымдық теориясы мен диалектикалық логика, психолингвистикадағы тіл мен сөйлеуді сабақтастыратын теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды.

Жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы тіл тарихи категория ретінде үнемі даму процесінде болып, эмоцияны сыртқа шығарып, шынайы мүмкіндігін жүзеге асыруы болып табылады. Сөйлеу парадигмасында сөз әр қырынан ашылып, эмоцияны жеткізудегі экспрессивтік қызметпен ұштасады. Сондықтан, аталған мәселені зерттеу барысында экспрессивтік стилистика саласын зерттеген әлемдік және отандық ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Мақаланың мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда ғылыми пайымдаулар, диахронды, тарихи, салыстырмалы, синхронды, салыстыру, сипаттау, талдау, модельдеу әдістері қолданылды. Тілдегі экспрессивтік әлеует ұлттық төлтума қасиет-сапалар ұрпақ жалғастығымен дамытылатыны зерттеліп келеді. Қазақ тілінің экспрессивтік стилистикалық мәселелерін тереңнен зерттеу ұлт болмысының мазмұнын ашуды міндеттейді.

Мақала нәтижесінде экспрессивтік стилистиканың мазмұны, ұғымдары жүйеленіп, қазақ тілінің дыбыстық және лексикалық бірліктерінің экспрессивтік стилистикалық қызметі, сипаты нақты тілдік деректер арқылы талданып, мысалдар арқылы дәйектелеі. Аллитерация және ассонанстың дыбыстық қайталауларға негізделіп, стилистикалық мәнерлікті күшейтудің айрықша амалы ретінде клишеге түсірілген синтаксистік құрылымдарда, мақал-мәтелдерде, күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста кеңінен қолданылатыны талданды. Фоностилистикалық құрал қызметін атқаратын ассонанстық қайталамалар сөйлеуге әуенділік үстеп, эмоционалдық түрде қабылдауға мүмкіндіктер беретіні анықталды. Аллитерация және ассонанстың мәтіндегі стилистикалық әсері қарастырылды.

**Түйін сөздер:** экспрессивтік стилистика, аллитерация, ассонанс, фоностилистика, пароземион, аттрактант, дыбыстық қайталау.

S.B. Koyanbekova<sup>\*1</sup>, A.U. Jamambetova<sup>2</sup>, S.B. Utegulova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>KazNITU named after Satbaev K.I., Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Kazakh national women's teacher training university, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>KazNITU named after Satbaev K.I., Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com

**Expressive stylistics: paradigms of alliteration and assonance**

The subject of the research of the article is that the social activity of the modern Kazakh language develops in a cluster, compensating for the diverse communicative needs, mainly closely related to the peculiarities of its stylistic, linguistic units that have quality-quality. In society, language plays a special role, becoming the main means of transmitting emotions, human emotions

The purpose of the article is to determine the functional, structural transformation, cumulative, conceptual essence of the expressive stylistics of the Kazakh language in the interweaving of the mental field with reasoning adapted to national knowledge.

The scientific and practical significance of the work lies in the fact that language as a historical category is in the process of constant development, brings emotions out and realizes a real opportunity. In the paradigm of speech, the word is revealed from different angles and combined with expressive activity in the transmission of emotions.

When implementing the goals and objectives of the article, scientific judgments, methods of diachronic, historical, comparative, synchronous, comparison, description, analysis, modeling were used. It is studied that the expressive potential in the language develops with the development of national qualities-qualities. In-depth study of stylistic problems of expressiveness of the Kazakh language obliges to reveal the content of the existence of the nation.

As a result of the article, the content, concepts of expressive stylistics were systematized, the expressive stylistic function, the nature of the sound and lexical units of the Kazakh language were analyzed with the help of specific linguistic data and supported by examples. It was found that assonance repetitions, which serve as a tool, give speech melody and allow emotional perception. Alliteration and stylistic influence of assonance in the text are considered.

**Key words:** expressive style, alliteration, assonance, phono-stylistics, parameion, attractant, sound repetition.

С.Б. Коянбекова\*<sup>1</sup>, А.У. Джамамбетова<sup>2</sup>, С.Б. Утегулова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>КазНИТУ имени К.И. Сатбаева, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com

### Экспрессивная стилистика: парадигмы аллитерация и ассонанса

Предметом исследования статьи является то, что общественная социальная деятельность современного казахского языка развивается кластерно, компенсируя многообразные коммуникативные потребности, в основном, тесно связаны с особенностями его стилевых, языковых единиц, обладающих качеством-качеством. В обществе язык играет особую роль, став главным средством передачи эмоций, эмоций человека. Это связано с тем, что язык-это не личное явление, стоящее вне человека, а сложная структура, которая определяет друг друга в единстве с человеком.

Цель статьи определить функциональную, структурную трансформацию, куммулятивную, концептуальную сущность выразительной стилистики казахского языка в переплетении умственного поля с рассуждениями, адаптированными к национальным познаниям. В ходе исследования руководствовались когнитивной теорией философии и диалектической логикой, теоретическими выводами, связывающими язык и речь в психолингвистике.

Научно-практическая значимость работы заключается в том, что язык как историческая категория находится в процессе постоянного развития, выводит эмоции наружу и реализует реальную возможность. В парадигме речи слово раскрывается под разными углами и сочетается с выразительной деятельностью в передаче эмоций. Поэтому в ходе изучения данной проблемы были взяты за основу труды мировых и отечественных ученых, изучавших область экспрессивной стилистики.

При реализации целей-задач статьи использовались научные суждения, методы диахронного, исторического, сравнительного, синхронного, сравнения, описания, анализа, моделирования. Изучается, что выразительный потенциал в языке развивается по мере развития национальных качеств-качеств. Углубленное изучение стилистических проблем выразительности казахского языка обязывает раскрыть содержание бытия нации.

В результате статьи были систематизированы содержание, понятия выразительной стилистики, проанализированы выразительная стилистическая функция, характер звуковых и лексических единиц казахского языка с помощью конкретных языковых данных и подкреплены примерами. Было проанализировано, что Аллитерация и ассонанс широко используются в синтаксических структурах, пословицах и поговорках, повседневном бытовом общении с клише как отличительный прием усиления стилистической выразительности, основанный на звуковых повторах. Было обнаружено, что ассонансные повторы, которые служат фоностилистическим инструментом, придают речи мелодичность и позволяют эмоционально воспринимать. Рассмотрены Аллитерация и стилистическое влияние ассонанса в тексте.

**Ключевые слова:** экспрессивная стилистика, аллитерация, ассонанс, фоностилистика, паремиион, аттрактант, звуковой повтор.

## Кіріспе

Тіл білімінде стилистикалық ізденістерде 19-ғасырға дейін ежелгі дәуір зерттеулер әсері басымдылық танытса, 20-ғасырдан бері өзіндік тың бағыттарға бейімделе бастады. Соның бірі Ш.Баллидің концепциясының негізіндегі тілдің экспрессивтік түрлерін атауға болады. Зерттеуші стилистиканы тілдің эмоционалдық экспрессиясымен сондай-ақ тіліміздегі мәнерлегіш тетіктерін жүйелейтін фактілердің өзара әсерімен сабақтастықта қарастырды (Балли Ш., 1961; 394) деген көзқарасы кейінгі зерттеулерге үлкен қозғау салды. Жалпы тілдегі лексика, фразеология және троп, фигуралар сондай-ақ сөздердің орын тәртібі, синтаксистік құрылымдар синонимикасына экспрессивтік бояулар айрықша тән. Осыған орай, стилистика тіл құралдарының мәнерлегіш сипаттары жөніндегі ілім ретінде анықталған. Тіл қызметі жүйелі құбылыс болғандықтан, стилистикалық зерттеулерге соны серпін берді. Мұның зерттеу әдістерінде құрылымдық негізгі орын алып, стильдік құбылыстар тілдік элементтердің ерекше ұйымдасуы ретінде түсіндірілді (Брандес М.П., 1971; 264). 20- ғасырда тілдік зерттеулердің аясының кеңейуі, стилистика ғылымының қарқынды дамуына ерекше әсер етіп, функционалдық бағдармен ұштастырылды. Соның бірі ұлттық тілдің стилистикасы тілдің барлық деңгейін атап айтқанда, дыбыстық құрылымы, грамматикасы, сөздіктерін, фразеологиялық тіркестерді қамтиды. Алайда, оларда бір тұтас құрылым мәселелерінің тарихи дамуындағы өзара сабақтасқан элементтер жүйесінен емес, тек функционалды жіктелуі мен түрлі деңгейдегі сөйлеу түрлерінің экспрессивтілік бояуларымен реңктерінің сәйкестігі тұрғысынан қарастырады. Мұнда зерттеушілердің стилистикалық компоненті ретінде экспрессивтік эмоционалдық және бағалаушытық мағыналардың табиғатын тереңнен зерттеу нысанаға алынды. Экспрессивтілік түсінігі, көбінесе, тілдің «айшықтығы, мәнерлігі, бейнелігі», «тілдік құбылыстардың барынша күшті, айрықша әсер беретін», «адам сезімін білдіретін» тілдік элементтердің жиынтығы ретінде анықталады (Васильев Л.М., 1961: 80). Жалпы экспрессивтілік тілдегі түрліше амалдар негізінде пайда болып, әртүрлі жолдармен іске асады. Экспрессия құбылыстарына байланысты зерттеулерге сүйенсек, тілдік амалдар, яғни

лексемалардың айрықша дыбысталуы, аллитерация мен ассонанс, сондай-ақ еліктеуіш сөздер экспрессивтік реңк үстейтін жұрнақтар, жалғаулар, сөздердің қалыптасқан орын ауыстыруы, қайталау арқылы көрініс табуы жатады.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Экспрессия – күштілігінің өзі сөздегі ішкі форма арқылы және сөздің экзотивті дыбысталуымен пайда болады (V.A Kukharensko, 2014; 10-13) сонымен қатар «экспрессия» бойында қандай да бір тілдік немесе айтылымдық амалдардың тіл стандарттарына бейімделген, тұрақты парадигмаларға сәйкес келмеуі жатады (Manuel A. Ossers, 2007: 148). Жалпы экспрессия және эмоционалдық ұғымдар сөздердің бағалаушытық сипатымен тікелей ұштастырылады, ал бұлардың аражігін анықтау күрделі. Бұл мәселелер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінде кеңінен талданған.

Экспрессивтік стилистикада қайталаулардың сөзді айшықтау қызметі дәстүр бойынша синтаксиспен байланысты қарастырылады. Алайда, оны тек синтаксистің еншісіндегі мәселе деп қарауға болмайды. В.М.Жирмунский қайталау құбылысын зерттеу мәселесі «кей жағдайларда синтаксиске қатысты айтылғанмен, синтаксистің ауқымынан шығатын кездері де кездесетіндігін» айтады. Қайталау тек синтаксистің мәселесі емес, себебі қайталанып жұмсалатын тіл құралдары тіл жүйесінің кез келген деңгейіне қатысты фонетикалық, лексикалық, морфемдік, синтаксистік болуы мүмкін. Осы тұста дыбыстық қайталаулардың фоностилистикалық деңгейдегі көрінісін, экспрессиясын зерттеудің қажеттілігі көрінеді. Қ.Жұбанов: «Түбір дыбыстары мен қосымша дыбыстардың үндесу бағыты екі түрлі: бірде түбірдің соңғы дыбысынсыз, не соңғы буынның әуеніне байланысты қосымша дыбыстар өзгеріп, екіншісінде бұл дыбыстардың әсерімен түбір дыбыстар өзгереді. Алғашқысын ұмтыла үндесу десек, одан кейінгісін тартына үндесу делінген» деп анықтаса, (Мырзабеков С., 1999: 581) қазақ фонетикасының білгірі Ә.Жүнісбек: «Сөздердің үндестікке үйлесіммен бағынудың экспрессиясын көрсетеді. Сөздердің ішіндегі дыбыстардың үндерінің құлаққа жағымды болып естілуі А.Байтұрсынұлы еңбегінде «сөз әуезділігі» деп түсіндіріледі. Бұл біздің зерттеуіміздегі «экспрессивтілік» ұғымын білдіреді деп түйіндейміз. Бұл сөйлеу

әуезділігі туралы сөздердің үндері орайласып, ұнамды құралуынан болады. Сондықтан ондай сөздер өрнекті сөйлем деген тұжырымда дәлелденген. Ғалым С.Аманжолов пікірлерінде экспрессивтіліктің интонацияға қатысты мәселелері жүйеленген. Сөз зергерлері Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, Ш.Мәжітаева еңбектерінде сөйлеу тілінің экспрессивтілігі жан-жақты талданған. Теориялық еңбектерді талдай отырып, тілдік құралдардың эмоционалды экспрессивті қызметінің жаңа бағытта зерттеу жұмыстарының нысанына айналуы ұлттық тарихи салт-дәстүрлермен мәдени өмірімен байланыста қарастырылуы тіліміздегі аллитерация мен ассонанс мәселелерін жүйелі зерттеумен сабақтастырылады.

### Әдебиеттерге шолу

Зерттеу еңбектерге жүгінсек, қазақ тілі стилистикасында өзге ғылымдарға қарағанда, психолінгвистиканы зерттеу кенже қалған. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, В.М.Жирмунский еңбектерінде тіл мен психологияның біріккен тұстары жүйелі қарастырылған. Ал қазақ тіл білімінде бұл проблема әлемдік еңбектерді негізге ала отырып, салыстырмалы түрде түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Дыбыстық қайталаулар, мәтіннің дыбыстық бейнелілігі, өрнектілігі, символизм болу сипатының қалыптасқан жоғары үлгілерін қазақ фольклорынан нақты көруге болады. Дыбыстарды құбылта отырып, нақты бір ассоциациялық байланыста айтылуында экспрессияны күшейтуге қызмет етуін байқауға болады. Бұл мәселені зерттеуде ұлттық танымдарға айрықша назар аудару қажеттілігіне көз жеткіздік. Ал аллитерация құбылысы сөз ішіндегі қатар немесе аз ғана кейінірек тұрған біркелкі, ұқсас дауыссыз дыбыстар қайталануы. Қазақ тіліндегі зерттеулерде аллитерацияның стилистикадағы бейнелілікті күшейтудің айрықша амалы ретіндегі қызметі айтылады және олардың 1) клишедегі синтаксистік құрылымдарда; 2) күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста; 3) мақал – мәтелдерде қолданылатындығы көрсетіледі.

Аллитерацияның қазақ халық ауыз әдебиетіндегі қолданысы және оның қызметі туралы лингвистикалық, әдеби бағыттағы зерттеулерде айтылды және олардың қазіргі жазба әдебиеттегі

көрінісі жекелеген авторлардың дара стилі аясында қарастырылып жүр.

Аллитерация жалпы қазақ поэзиясының конструктивтік ерекшелігі болып табылатындығы және оның мәтіннің интонациясына, стилистикалық тонын жасауға қатысы қазір де белгілі болып отыр. Жалпы дыбыстық қайталаулардың көркем шығармаларында ұтымды қолданылып, оның дидактикалық маңызын арттыру білім беру барысындағы зерттеулерде талданады.

Аллитерацияның поэтикалық мәтін аясынан шығып, прозалық мәтіндегі, сөйлеу тіліндегі қолданысы қарастырыла бастауы қазіргі бұл бағыттағы зерттеулерге тән ерекшеліктердің бірі. Дауыссыздардың экспрессивтік қызметі сөздің, өлең жолының бастапқы бөлігінде қайталанып келуі сөздердің маңыздылығын арттырып экспрессивтілікті күшейте түседі. Мысалы: 1. Ау, қызғыш құс, қызғыш құс...; 2. Жақсы сөз – жан сүйіндірер, жаман сөз – күйіндірер; 3. «Ти» десем – тимейді, «тима» десем – тиеді. Аллитерация фольклордан, поэтикалық еңбектерден өзге прозалық шығармалардан да дыбыстық ұйқасу ырғағына мәтінге қатысты авторлық сезімді жеткізеді. Мысалы: Жалпақ жаз. Сай-салада сағым ойнаған саршаның тамызы. Шалқыған шаңқай түс кезінде адамның көлеңкесі де саялауға саз таппай бауырына кіріп кетеді. Сонымен сақадай сайланған қырық жігіт мандайды батысқа қойып, төскейді үзеңгіге ала тартып жөнелдік, – дейді. Ай деп біздің арқаның айын айтсайшы. Бұл кек кернеп, ашу шеңберінен шыққан кез еді. Танкінің бойындағы бар құдіретін бұршақтай боратуым келгенін жақсы білемін (Мұқанов С., 1979: 552). Қатар тұрмайтын, аралығынан дыбысты түсіріп жасалатын өтпелі аллитерацияның түрі парозмион деп аталады. М: Төбелер түгел өртеніп бара жатқандай, Осынау өрттен өзі бір рахат тапқандай. Бүрісіп қыста, бүк түсіп жатушы еді олар, Батырдай бейне басына жүрген бақ қонбай (Құнанбаева С.С., 2005: 262).

Парозмион грек тілінен аударғанда «ұқсас», «жақын» дегенді білдіреді де, сез ішінде бір қатарда келген дыбыстар бірыңғай әуенмен, әуезділікпен үйлесіп, оның әсерлігін арттыра түседі. Әдетте арнайы әдебиеттерде аллитерацияны сөздің бастапқы дауыссыз дыбыстарының үндесіп келуімен, дыбыстық анафорамен байланыстырады. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде аллитерация кен мағынада түсініледі. Аллитерация деп дауыссыз дыбыстардың тек бастапқы бөлікте емес, жалпы сөз ішінде (сөйлеуде) үндесіп келуі айтылады.

Аллитерация сияқты ассонанс құбылысы кең мағынада танылады. Бұл дауысты дыбыстардың сөзде үйлесіп, үндесе отырып, фоностилистикалық құрал ретіндегі қызметін көрсетеді. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың үйлесуі үндестік заңдылығымен байланыста қарастырылып, көптеген жағдайларда оның эстетикалық мәніне емес, тілдік сипатына назар аударылады. Алайда ассонанстық қайталаулар сөзге әуезділік, өлшемдердің сәйкестілігін беріп, мәтіндерді нақты эмоционалдық қалыпта қабылдауға мүмкіндік жасайды. (Manuel Augusto Ossers Cabrera, 2007: 199). Мысалы: Адам бар ма мәңгілікке өлмеген, Азап бар ма ауыр жолда көлбеген. Ашу бар ма адам ұлы жеңбеген, Ақыл бар ма шам-шырағы сөнбеген. Мұнда өлең жолдарының мағынасына [«а»] және [«ө»] дыбыстары философиялық салмақ қосып тұр. Сонымен қатар, [«а»] және [«ө»] дыбыстарының адам және өмір/өлім сөздерімен ассоциациялық байланысы байқалады [«А»] дыбысының сөздің, өлең жолының басында монофонды қайталанып келіп, мәтіннің тұтас тақырыбының маңыздылығын ашып, өзектендіріп тұрғандай сезіледі. Мәтінді тыңдағанда қайталанып келуі арқылы бірден құлаққа жағымды және анық естілетін дыбыстардың нақты контекстерде мән-мағынаға ие болады. Бұл жердегі «а», «ө» дыбыстары поэтикалық мәнге ие. Ассонанстың прозалық мәтін ұйымдастыруда ерекше маңызы бар (Harmer J., 2012: 386). Мысалы: Бас-аяғы атшаптырымнан әлдеқайда алыс келетін астанада алшаңдап жүрсең де, айналайын алақандай ауылыңның басқа ғой. Мәселе – бұтаға паналаған торғайдай біздің үйді өз-деріне ық еткен тамам жетімдер мұқым бір елдің кәрі-жасы сыйлаған аяулы адамның алдындағы ағаттықта. Ай-күні аяқталғандар біртіндеп, ажалдың аранынан өтіп те кетті (Мұқанов С., 1979: 584). Бұл жерде де [«а»] дыбысы адам және ажал тақырыбымен ассоциациялық байланыста келіп, мәтіннің тақырыптық жағынан ұйымдасуына әсер етіп тұр. Ассонанс құбылысы аллитерациямен бірдей қолданылып, дыбыстардағы бейнелілікті күшейтіп тұрады. Осы себептен кейбір буындар қайталана отырып, мәтіннің стилистикалық тұрғыдан ұйымдасуына әсер етеді: Шым ете түсті өн бойым, Көзқарасыңды байқап қап. Бөлініп кетті демде ойым, Жас көңіл қалай жай таппақ (Мақатаев М., 1989: 496). Аталған буындардың қайталанып келуі полифониялы. Полифониялы құбылыстағы қайталанудың бір түрі дыбыстық параллелизм негізінде жасалады. Дыбыстық

параллелизмде өзара ұқсайтын дыбыстардың сөз тіркесі, фраза, өлең жолдарында симметриялы орналасуымен жасалынады. Мысалы: Білемісің, ей, кімсана, даламын мен, Көргенде кең даланы баламын мен; Бірімізді біріміз жолықтырдық, Бірімізді біріміз толықтырдық. (Мақатаев М., 1989: 496). Алдыңғы өлең жолының кейінгі тақ қатарда дыбыстық үйлесімділігіне қарай қайталанып келуі арқылы метаграмма жасалады: Бұрымымды ұстаған кол бұрын сан, Созылып бір тұра қалар бұрылсам; Сағынышы мен махаббаты теңіз боп, Көздерің де қалатыңдай мені іздеп; Қалай сенің көздеріңмен қоштасам, Қалайша мен басқа адаммен достасам? (Мақатаев М., 1989: 498). Сөйлеу барысында буынның бірыңғай болып келуі мәтінге тәң белгілі бір көңіл-күйді ырғақ арқылы жеткізуге қызмет етеді. Мұндай дыбыстық қайталаулар мәтіннің тақырыптық-мағыналық тұтастығын біріктіріп тұрады. Дыбыстық қайталамалар поэтикалық, прозалық мәтіндерді дыбыстық ұйымдасуына көрік беріп, эмоционалды. Экспрессивтік мән үстеп тұрады. Өлең шумағының кемінде қатар тұрған үш-төрт жолының бірінде бірдей дыбыстан басталуы аллитерацияға немесе ассонансқа құрылған дыбыстық анафора екенін көрсетеді. Дыбыстардың өлеңнің әр жолында біркелкі келіп, дыбыстық анафора жасауы айшықтаудың ертеден келе жатқан бір түрі болып табылады. Ол халық ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында Өмірәлиев XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі, Е.Жұбановтың «Эпос тілінің өрнектері», Н.Уәлидің «Фразеология және тілдік норма» С.Сатенованың «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалықтабиғаты», Б.Шалабайдың «Көркем проза тілі», Е.Жанпейісовтің «Қазақ прозасының тілі» Б.Нұрдаулетованың «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің потенциалдық бейнесі» т.б. зерттеулерінде поэтикалық тілді этнолингвистикалық, этнотанымдық тұрғыдан ұтымды қолданылған. Қазіргі қазақ поэзиясы да осы дәстүрді жалғастырып келеді. Мысалы, құлазыған, суыған көңіл, қайғырған адамның көңіл-күйі табиғаттың суретімен астарласып, егіз берілген. Мұндағы (к) дыбысының мән алуы ерекше. “Қара”, “қайғы”, “қарману” “қарбалас” т.б. сөздермен тек қана ырғақ, дыбыс үндестігі жағынан ғана қиысып тұрған жоқ, осы сөздермен ассоциациялық байланысқа келіп, тақырыпқа арқау болған, эмоционалды-экспрессивтік мазмұндық жүк арқалап тұр. Қатаң қ дыбысының қайталанып

келуі өлең мазмұнына да белгілі бір қатандық, каталдық беріп тұрғандай. Дыбыстардағы ассоциациялардың күштілігі өзара ұқсайтын, жақын сөздерде қанша рет қайталануымен, яғни фонетикалық аттрактанттарға қатысты анықталады. Ассоциациялық байланыстар 2 жағдайда айрықша маңыздылық танытады:

1. Аттрактанттарда дыбысталуы тұрғысынан өте ұқсас, бірдей болады, бірақ дыбыстардың жүйелілігі әртүрлі болады. М: Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген, Сонау бір соғыс жылы естіген ем.

2. Аттрактанттар бір немесе екі дыбыс бойынша ғана ажыратылады. М: Мәңгі сені әлдилеп, аялайын, Жүрегімнің шуағын аямайын; Мен сені көрем – арайлап ақ таң атқанда, Мен сені көрем – ару күн жайлап батқанда (Мақатаев М., 1989: 396).

Тілдегі дыбыстардың бұлай үйлесуі квазиомонимдерді, атап айтқанда, белгілі бір контексте айтылу, дыбысталу тұрғасынан өзара ұқсайтын, бірақ мағыналары әртүрлі сөздерді жасайды. Сөздерді үйреншікті мағынасынан басқа арнада, тосын тәсілдермен беру, әсіресе фонетикалық варианттардың омонимдес сынарының біріне басқаша реңк үстеп, соны бояу, жаңа мән қосарлау арқылы көрінуі фоностилистикадағы ерекше тәсіл болып саналады. Талданған аттракцияның бұл түрлері парехезаның негізі болып табылады. Парехеза ұғымы – сөз түрлерінің дыбысталуы тұрғысынан бір-біріне жақын болатынын, алайда кейбір ерекшеліктері бар полифонияның бір түрі. Сөз түрлері ішінара ұқсас болғанмен, 1-ден, дыбыстардың бірыңғайлық реті және екпіні жағынан анықталады (мысалы: естімеген – естіген ем т.б.), 2-ден, бір немесе екі дыбыс бойынша ажыратылады (Боза тау ма? Боз тау ма?, Жүректің шыңырауында қоздайтұғын, Шыбыны бар кеудені қозғайтұғын, Аяп кетіп, сипадың сен бетімнен, Аумайтұғын сияқтымын жетімнен (Мақатаев М., 1989: 286). Тілдегі диссонанс мәслесінде аттрактанттар тек қана дауысты дыбыстар бойынша ажыратылады. Қылығың жарасатын назым едің, Назым едің, не деген нәзік едің. Парехеза қарама-қарсы айтылымды жеткізу негізінде каламбур жасайды.

Қайталау қаншалықты көбірек болса, дыбыс та соншалықты көбірек қайталанып, айқындала түседі, әсері күшейе түседі:

Көзің қайда, көк аспан, көремісің,  
Жарылсаңшы, осыған көнемісің?  
Жаза басқан қадамыма күйінем,

Жақсы істерді көрсем әр кез сүйінем (Мақатаев М., 1989: 185). Дыбыстардың өлең жолдарының соңғы бунағында, яғни етістіктенген бөлігінде айталанып келіп, сөйлеушінің, автордың біртектес көңіл-күйі, толқынысын бір-біріне ұқсатып, қайталай, қайталау арқылы маңызына назар аудара суреттеп тұр. Берілген өлең шумақтарындағы бунақтардың бірізді дыбыстардан құралуы оның суперсегментті әуендік-ырғақтық ерекшелігін және сегментті дыбыстық айтылуды біріктіріп, біртұтас өлендік-мәтіннің құрылымын көрсететін фоникалық белгілерін анықтайды.

Дауыссыз және дауысты дыбыстардың іштей бірыңғай ұйымдасып, баяндау ырғағына әсер етуі прозалық мәтіндерге тән болып келеді: Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тырاندасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлі алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – Алтай жазы тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлінің жазығында сайран етіп жатқаны. Марқакөлінің суы балдай (Аймауытов Ж., 1986: 448). Мәтін ішіндегі дыбыстардың өзара үйлесімді орналасуы автордың баяндау стиліне ойнақылық, ерекше көтеріңкі көңіл-күй беріп тұр. Прозалық мәтіннің өлең сияқты оқылып, тез ұғынылуы оның осы қасиетіне байланысты болса керек. Сыртқы аллитерацияда өлең шумақтарындағы қайталанатын дауыссыз дыбыстар дыбыстық жақындықты ұстап тұрады: Тақырлауға қонған қаз, тырна, Таң маңынан ұшар ол. Тауық неше шақырса, Таң болжалдан атар ол (Омарұлы Б., 2000: 56-66).

Өлеңдердегі дыбыстық қайталаулардың көркем әдебиетте образ сомдауда қызмет ететін тұстары кездеседі. Әдетте, адам ашуланған кезде даусы қатайып, сөзі нығыз, катал шығады. Іштегі қайнаған ызаны, ашуды сол қалпында сыртқа шығару арқылы автор ол сезімнен арылады. Өлеңдер мен мәтіндерде кейіпкерлерді шынайы, өткір сынап, суреттеуде сондай-ақ тұлабойын билеген ғашықтық, сүйіспеншілік сезімдерді жеткізуде жазушының эмоционалдық көңіл-күйі көрінеді: Мал мен бақтың дұшпаны, Кеселді пысықкөбейді. Күшік иттей үріп жүр, Кісіден кеммін демейді. Қу тілменен құтыртып, Қызмет қылған кісісің, Құрытуға таяйды. Қылып жүрген

өнері: Харекеті – әрекет. Өз оңбаған антұрған Кімге ойлайды берекет? (Абай, энциклопедия 2007: 198).

Мұндағы «к», «қ» дыбыстарының аллитерациясы нақты адамдар образын жеткізе суреттеуде ерекше қызмет атқарып тұрғаны байқалады. Өлеңдегі дыбыстық бейнелеуішке қарағанда коннотативтік мағынаға жақындау дыбыстардың көркем образ сомдаудағы функциясы фоникалық құрылымдағы стильдік қолданыстың айрықша қырын көрсетеді. «К», «қ» дыбыстары жиі қайталанған «б», «з», «ғ», «д» дыбыстарына қарағанда қатаң естіледі. Екі түрлі дыбыстық түзілімдер екі түрлі көңіл-күйді жеткізіп тұр. Поэтикалық шығармалардағы барлық дыбыс, буын және сөз басын ырғақ тактісіне бунақ-бунақ, тармақ-тармақ, шумақ-шумақтүрінде ұйымдастыратын өлең-сөздің заңдылығы дыбыс тіркесімі, буын қалпын негізгі ойды көріктеуші құрал ретінде пайдаланып, көрікті ой, кестелі образ жасаудың ұтымды амалына айналдырған.

Қазақ тіліндегі дыбыстық қайталамалардың ұтымды поэтикалық қолданысын Абай өлеңдерінен кездестіруге болады [F], [x], [h] және [с-ш], [ж-з], [ә], [і], [с], [н], [м] т.б. дыбыстарының жағымды/ жағымсыз эмоцияны суреттеудегі қолданысы Абай шығармаларына тән дыбыстық ерекшеліктердің бірі болып есептеледі.

Ю.М.Лотман бірдей фонемалардың бірнеше рет қайталанып келу жиілігімен қатар, олардың қандай позицияда келуіне де назар аудару керектігін айтады. Дыбыстық қайталаулардың позициялық жиілігі екі түрлі болуы мүмкін: сөздің немесе мәтіннің белгілі бір бөлігіне байлаулы емес, ассиметриялы болуы мүмкін, М: Мен оны қазбаймын; даудың қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз. Матай қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда бұл сөздің сияды. Тентектік ылғи тобықтың шығады дерсің... Рас, тентек болса тобықтының тентегі иесіз демеймін. Ағайын жолымен бітісейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын. Жалғыз-ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ (Әуезов М., 1986: 35). Осы үзіндідегі дыбыстық қайталаулар тек сөздің бастапқы бөлігінде ғана емес, әр буынында келген. Сөздің немесе мәтіннің белгілі бір бөлігіне байлаулы, орны бар, яғни симметриялы болуы мүмкін: Көп кешікпей көктем де келер енді, Көгеретін тіршілік көгереді. Қу бұтағы ар еменге, Келер көктем, білмеймін,

не береді? Мұндағы «к» дыбысы «көктем», «көгеру», «көбею», «келешек» сөздерімен ассоциациялық байланысқа түсіп, өлеңнің әр жолы сайын және өлең тармағындағы сөздердің бастапқы дыбысы ретінде қайталанып келуі арқылы «келер көктемге» артқан автордың бар үміті мен сенімінің көптігін асыра суреттеп тұр.

### Қорытынды

К.Ф. Тарановский «О поэзии и поэтике» (К.Таранов, 1982: 206) атты еңбегінде дыбыстық қайталаулардың функционалдық тұрғыдан классификациясы әлі толық жүйеленбегенін көрсетеді. Талдау барысында байқағанымыздай, бұл мәселе әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ. Дыбыстық қайталаулардың айшықтау құралы болу немесе кездейсоқ қолданыстардың нәтижесінде дыбыстық тавтологияға айналуы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, қазіргі дыбыстық қайталамаларға арналған зерттеулерді зерделей келе, олардың айшықтау құралы ретінде нақты атқаратын қызметін ажыратуға болатынын көруге болады.

Ғалым В.П. Москвин дыбыстық қайталамалардың айшықтау құралы ретінде атқаратын 7 түрлі қызметін көрсетеді. Ол [п, б, т, д, к, г] шұғыл айтылатын дыбыстар мен [ц, ч] дыбыстары буын жасауға негіз болатынын, [м, н, р, л] дыбыстары сөздің баяу әуенмен айтылуына әсер ететінін көрсетеді. Статистикалық мәліметтерге сүйене келіп, аталған шұғыл дауыссыздары «жігерлі» ырғақты (агрессивті), ал үнді дауыссыздары идиллиялық мәнердегі өлеңдерге тән болып келеді деген тұжырым жасайды. Осылайша, лирикалық поэзияға тән мелодика, әуен оны «әдебиеттің сазды өнері» ретінде немесе «саз өнерінің заңдылықтарын бойына дарытқан сөз өнері» ретінде ерекшелендіретінін көрсетеді (В. П. Москвин, 2008: 35 – 42).

Зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, қазақ тіліндегі дыбыстардың мәтін түзуде өзіне тән белгілі бір семантикалық мән-мағынасын жүзеге асыратыны анықталды. Көп жағдайда к, к, т, п дыбыстарының «жігерлі» көңіл күйді, ал [м, н, р, л] дыбыстарының шығарманың баяу қарқында баяндалып, лирикалық көңіл күйді суреттеуде белсенді қолданылатындығы туралы пұжырымның қазақ тіліне де қатысы барын жоққа шығаруға болмайды. Мәтінге арқау болған тақырып-сөзді айрықша көрсету арқылы дыбыстық қайталамалар лейтмотивтік

қызмет атқарады. Тақырып – сөздерді айрықша атап көрсету мақсатында жұмсалатын дыбыстық қайталамалар анаграмма деп аталады. Анаграммаға көп жағдайда аллитерация негіз болатынын В. Хлебников, В.П.Григорьев фразаның анаграммаға негізделуі яғни, «мақалға тән» сипат екенін айтады. Анаграмманың екінші жағы да бар, ол – оның қабылдауға және түсіндіруге қиындық тудыратыны. Дыбыстық қайталаулардың келесі қызметінің бірі – сөз ойнату мақсатында жүзеге асады: Шеше, кеше неше кесе сынды т.б. Н.А. Кожевникова дыбыстық қайталаулардың сөздердің, сөйлемдердің арасындағы синтаксистік байланысты ұстап, интегративтік, яғни сөзді немесе сөйлемді біріктіруші қызмет атқара алатындығын айтады (Кожевникова Н.А., 2018: 421-437). Дыбыстардың синтаксистік тұрғыдан сөздерді немесе сөйлемдерді байланыстыруы мына жағдайда байқалады. Дыбыстық қайталаулардың айтылымда қарама-қарсы, себеп-салдарлық, салыстырмалы, метафоралық түрлі мағыналық ассоциациялар тудырады. М: Мар-қакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды (Мақатаев М., 1989: 185). Мұндағы сүт-құт сөздерінің арасында әрі салыстырмалы, әрі метафоралық ассоциациялық байланыс бары көрінеді. Жануардың бауырынан сорғалаған сүт – құт-береке, байлықтың белгісі. Бұл метафораның әсерлі шығуына дыбыстық қайталаулар да өз ықпалын тигізген. Дыбыстардың қарама-қарсы ассоциациялық мағынаны жеткізуге қосымша қызмет етуі мына сөйлемдерден де байқалады: Жігіт емес, мігіт болып шықты. «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Бас бергенге – ас бер» деген мақалдағы бас, ас сөздер себеп-салдарлық мәндегі шарттылықты білдіретін ассоциациялық байланысты жеткізуге көмекші қызмет етіп тұр. Дыбыстық қайталаулардың «көркем мағынаны жеткізуге қатысуы көп жағдайда паронимиялық аттракция нәтижесінде болады.

Фоностилистикада дыбыстық қайталаулар өлең құрастырушы көркемдік құрал болу қызметін атқарады. Дыбыстық қайталаулар өлеңнің әр жолында, көбінесе соңғы бунақта үнемі қайталанып, дыбыстық үйлесімдікте келіп отырады. Осылайша дыбыс өлеңнің тек мазмұн тұтастығына ғана емес, оның тұрпатына да әсер етеді. Өлең ырғағы мен ұйқасын жасауда дыбыстық қайталаулар дауысты ыр дыбыстарға негізделеді: Біріншіден: Мықтыларға жағыну, Солар айтқан жерден ылғи табылу. Құлқың сүймей тұрса дағы табыну, Біле тұра білмеген боп жаңылу (Мақатаев М., 1989: 185). Сонымен, дыбыстық символиканың функциясы әртүрлі. Ол поэтикалық мәтінде әрі информативтік, әрі эстетикалық қызметте келіп, шығарманың стилистикалық ұйымдасуына әсер етеді. Поэтикалық сөзді ұйымдастыру дыбысты бірізді қайталау емес, ол әлдеқайда күрделі, сол себепті оны саналы түрде түсіндіруәрдайым мүмкін бола бермейді. Санадан тыс берілген мәліметтер рецепиент тезарусының эмоционалды – эстетикалық қабатында орын алып, белгілі бір ақпараттық мәнге ие болады.

Сонымен, поэтикалық мәтіндерде дыбыстардың атқаратын мынадай қызметтерін атап көрсетуге болады:

– дыбыстық қайталаулар (ассонанс пен аллитерация) өлең әуезділігі мен ұйқасын ұйымдастыруға қатысады;

– дыбыстық варианттар қатар қолданылу арқылы мағыналы дербестікке қолжеткізіп, стилистикалық мақсатта жұмсалады;

– түбірлес сөздердің паронимикалық аттракцияны жасауында қолданылады;

– семантикалық-синтаксистік тұтастықты сақтауға көмектеседі.

Дыбыс символикалық таңбаға айналып, астарлы мағына береді. Санада қалыптасқан белгілі бір ақпараттардың сигналы ретінде қабылданады. Мәтінде, өлеңде семантика-синтаксистік және ырғақтық-әуендік құрылымдардың – күрделі арақатынасы анықталады. Осыған байланысты дыбыстық символизмді өлең мәтінінде тек қана дыбыстық қайталаулардың семантизациясымен шектеуге болмайды.

#### Әдебиеттер

1. Балли Ш. Французская стилистика. – Москва: Наука, 1961. – 394 б.
2. Брандес М.П. Стилистический анализ. – Москва: Наука, 1971. – 264 б.
3. Васильев Л.М. Категория предикативности, модальности, экспрессивности и эмоциональности в семантике предложения // Материалы V межвузовской конференции языковедов Поволжья. Мелекес? Наука 1961. – 80 б.



- V.A.Kukhareno. Methods of Teaching phonetic SDs, 2014. – 10-13 p.
- Manuel A. Ossers, Expressiveness in Juan Bosch's Short Stories: A Stylistic Analysis Hardcover 2007. – 148 p.
- Жирмунский М.В. Введение в литературоведение; курс лекции. 1996. СПб. – 362 б
- Мырзабеков С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: Ғылым. 1999. – 581 б.
- Джунусбеков А. Просодика слова в казахском языке. – Алма-Ата: Ғылым, 1987. – 90 б.
4. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. 15 томдық. – Т. 15. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 552 б; – 584 б.
5. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория. – Алматы. 2005. – 262 с.
- Manuel Augusto Ossers Cabrera. Expressiveness in Juan Bosch's Short Stories: A Stylistic Analysis. Boston. McGraw-Hill, 2007. – 199 p.
- Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. Б.Айдарова. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.
6. Harmer J. How to teach English. London, Longman, 2012. – 386 p.
7. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Кіт: Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 448 б.
8. Омарұлы Б. Тарихпен тамырлас толғамдар (Асан Қайғы мен Бұқар жыраудың ұлт келешегін болжаған өлеңдері хақында) // «Ұлт тағылымы» журналы, №1 2000. 56-66 бб.
9. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9.
10. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста: структура стиха. – Ленинград: Просвещение, 1972. – 64 с.
11. М.Әуезов, Шығармаларының 20 томдық толық жинағы. А., «Жазушы», 1979–1986.
12. К.Ф. Тарановский «О поэзии и поэтике». – Ленинград: Просвещение, 1982. – 206 с.
- В. П. Москвин. Двусмысленность как стилистический прием. Русская речь. 2008. № 1. – С. 35-42.
13. Кожевникова, Н.А., Педагогический журнал. 2018. – С. 421-437.

### Reference

1. Abai. Enciklopediya. – Almaty: «Kazak enciklopediyasy» [Kazakh encyclopedia] Bas redakciyası, «Atamura» baspasy, ISBN 5-7667-2949-9. (in Kazakh)
2. Aimauytov ZH. Magzhannyn akynydygy turaly [on the poetry of Magzhan]. Kit: ZHumabaev M. SHygarmalary. –Almaty: ZHazyshy, 1986. – 448 b. (in Kazakh)
3. Auezov M., SHygarmalarynyn 20 tomдық tolyk zhinagy [a complete collection of works in 20 volumes]. A., «ZHazyshy» [writer], 1979–1986. (in Kazakh)
4. Balli SH. Francuzskaya stilistika [French style]. – Moskva: Nauka, 1961, – 394 b. (in Russian)
5. Brandes M.P. Stilisticheskii analiz [Stylistic analysis]. – Moskva: Nauka, 1971 – 264 b. (in Russian)
6. Dzhunusbekov A. Prosodika slova v kazahskom yazyke [Prosodics of words in the Kazakh language]. – Alma-Ata: Gylym, 1987. -90 b. (in Russian)
7. Harmer J. How to teach English. London, Longman, 2012. – 386 p.
8. Kozhevnikova, N.A., Pedagogicheskii zhurnal [Pedagogical Journal]. 2018, str. 421-437. (in Russian)
9. Kukhareno V.A., Methods of Teaching phonetic SDs, 2014. 10-13 p.
10. Kunanbaeva S.S. Sovremennoe inoyazychnoe obrazovanie: metodologiya i teoriya [Modern foreign education: methodology and theory]. – Almaty. 2005, – 262 s. (in Russian)
11. Lotman YU.M. Analiz poeticheskogo teksta: struktura stiha [analysis of the poetic text: structure of spontaneity]. – Leningrad: Prosveshchenie, 1972. – 64 s. (in Russian)
12. Makataev M. ZHYrlaidy zhurek: Olender men poemalar [Sings the heart: poems and poems]. Kurast. B.Aidarova. – Almaty: ZHazyshy, 1989. – 496 b. (in Kazakh)
13. Manuel A. Ossers, Expressiveness in Juan Bosch's Short Stories: A Stylistic Analysis Hardcover 2007. – 148 p.
14. Manuel Augusto Ossers Cabrera. Expressiveness in Juan Bosch's Short Stories: A Stylistic Analysis. Boston. McGraw-Hill, 2007. –199 p.
15. Moskvin V. P., Dvusmyslennost' kak stilisticheskij priem. Russkaya rech' [Duality as a stylistic feature of the Russian speech]. 2008. № 1, S. 35 – 42. (in Russian)
16. Mukanov S. Tandamaly shygarmalar zhinagy [Collection of Selected Works]. 15 tomдық. – Halyk murasy. – Almaty: ZHazyshy, 1979. – B. 552; b. 584. (in Kazakh)
17. Myrzabekov S. Kazak tilinin aitylym sozdigi [Speaking dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym. 1999. -581 b. (in Kazakh)
18. Omaruly B. Tarihipen tamyrlas tolgamdar (Asan Kaigy men Bukar zhyraudyn ult keleshegin bolzhagan olenderi hakynda) [historical reflections (about the poems of Asan Kaigy and Bukhar zhyrau, predicting the future of the nation)] // «Ult tagylymy» zhurnaly, №1 2000, 56-66 b. (in Kazakh)
19. Taranovskii K.F. «O poezii i poetike» [on poetry and poetry]. – Leningrad: Prosveshchenie, 1982 – 206 s. (in Russian)
20. Vasil'ev L.M. Kategoriya predikativnosti, modal'nosti, ekspressivnosti i emocional'nosti v semantike predlozheniya [The category of predicativity, modality, expressiveness and emotionality in sentence semantics] // Materialy V mezhdvuzovskoj konferencii yazykovedov Povolzh'ya. Melekess? Nauka 1961. -80 b. (in Russian)
21. ZHirmunskii M.V. Vvedenie v literaturovedenie [Introduction to literary studies]; kurs lekci. 1996. SPB. – 362. (in Russian)